

"Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамының 2005-2007 жылдарға арналған қызметі туралы меморандумды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 26 мамырдағы N 514 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 18 қазандағы N 965 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 18 қазандағы N 965 Қаулысымен.

"Мемлекет басшысының 2005 жылғы 18 ақпандағы "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 4 наурыздағы N 528 өкімін іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамының 2005-2007 жылдарға арналған қызметі туралы меморандум бекітілсін.

2. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 2 6 м а м ы р д а ғ ы
N 5 1 4 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

"Шағын-кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамының 2005-2007 жылдарға арналған қызметі туралы меморандум

1. Жалпы ережелер

1. "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамының қызметі туралы меморандум (бұдан әрі - Меморандум) "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26

сәуірдегі N 665 қаулысына, "Мемлекет басшысының 2005 жылғы 18 ақпандағы "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 4 наурыздағы N 528 өкіміне, "Мемлекет басшысының Қазақстан халқына 2005 жылғы 18 ақпандағы Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын орындаудың желілік кестесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 210 қаулысына, "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 28 сәуірдегі N 397 қаулысына сәйкес әзірленді.

2. Меморандум "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қор) қызметінің шағын кәсіпкерлік субъектілерін (бұдан әрі - ШКС) қаржы-несиелік қолдау, оқыту және консалтинг жөніндегі іс-шараларды қамтитын ШКС-ні дамыту мен қолдау жөніндегі негізгі бағыттары мен қағидаттарын айқындайды.

3. Меморандум Қордың барлық бөлімшелерінің орындауы үшін міндетті болып табылады.

2. ШКС-ні кредиттік қолдау

4. Қор ШКС жобаларына Қазақстан Республикасының шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау саласындағы заңнамасына сәйкес кредит беруді жүзеге асырады.

5. ШКС жобаларына кредит беруге іріктеудің негізгі өлшемі жобаның кірістілігі болып табылады.

6. Жобаларға кредит беру үшін мынадай көздер пайдаланылуы мүмкін:

Қордың меншікті қаражаты;
шетелдік, халықаралық және отандық қаржы ұйымдарының қарыз қаражаты;
бюджет қаражаты.

7. ШКС-ні қолдау мен дамыту үшін шетелдік, халықаралық және отандық қаржы ұйымдарының, республикалық және жергілікті бюджеттердің қарыз қаражатынан агенттік негізде кредит беру:

Қор тікелей өз бетімен;

Қор қаражатын Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріне конкурстық негізде негізделген орналастыру жолымен;

банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын субъектілер және шағын кредит берумен айналысатын ұйымдар арқылы жүргізіледі.

8. ШКС-ні кредиттік қолдау:

франчайзингтік операцияларға берілетін қарыздарды, халықаралық сапа стандарттарының жүйесін енгізуге байланысты ШКС жобаларын қоса алғанда, т і к е л е й к р е д и т б е р у ;

қ а р ж ы л и з и н г і ;

банктермен, банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдармен және басқа инвесторлармен бірге бірлесе қаржыландыру түрінде жүзеге асырылады.

9. Кредит беру теңгемен және шетелдік валютамен жүргізіледі. Кредит бойынша сыйақы ставкасын Қор шығыстарын өтеуді ескере отырып, басқарма айқындайды.

10. Шағын кәсіпкерліктің бір субъектісіне кредиттің және қаржылық қолдаудың басқа түрлерінің ең көп мөлшері 60000 айлық есептік көрсеткішті құрайды. Операциялар бойынша шешімдерді Қор басқармасы немесе Қор басқармасымен келісім бойынша кредит саясатын жүзеге асыруға уәкілеттік берілген Қордың өзге де органдары қабылдайды.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.07.27. N 780 қаулысымен .

11. Қор кредиттерді беру кезінде өзінің ішкі құжаттарына сәйкес тәуекелдерді жабу қағидатын негізге алады. Кредиттер құнды қағаздармен, банк кепілдіктерімен, инвестициялау объектілерімен, жылжымалы және жылжымайтын мүлікпен және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа қаражатпен қамтамасыз етілуі мүмкін.

12. Қордың екінші деңгейдегі банктерде конкурстық негізде Қор қаражатын негізделген орналастыруға құқығы бар.

3. Қаржылық қолдаудың басқа түрлері

13. Қазақстан Республикасында шағын кредит беру жүйесін дамыту м а қ с а т ы н д а Қ о р :

шағын кредит беруді жүзеге асыратын ұйымдарды ресурстық қолдауды; жарғылық капиталына үлестік қатысу шарттарында жаңа шағын кредит беру ұ й ы м д а р ы н қ ұ р у д ы ;

осы секторға институционалдық және жеке инвесторларды тартуға ықпал етуді жүзеге асырады.

14. Қор жеткізушілер мен екінші деңгейдегі банктердің алдындағы ШКС міндеттемелерінің орындалуын ақылы негізде кредит сомасының 80 пайызға дейінгі мөлшерінде қамтамасыз етуге кепілдік береді.

15. Қор сақтандыру ұйымдарымен екінші деңгейдегі банктердің және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың алдындағы ШКС міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етуде оларға берілетін кепілдіктерді сақтандыруға арналған шарттар жасасады.

16. Қор ШКС-нің қаржы-шаруашылық қызметін жақсарту мақсатында заңнамада белгіленген тәртіппен факторингтік операцияларды жүзеге асырады.

4. ШКС-ні оқу-әдістемелік, ақпараттық-талдамалық және консалтингтік қолдау

17. Қор қызметінің негізгі бағыттарының бірі ақпараттық қолдаудың кешенді жүйесін қалыптастыру, сапалы оқыту және консалтинг арқылы ШКС-нің білім деңгейін арттыру болып табылады.

18. Кәсіпкерлікті оқу-әдістемелік, ақпараттық-талдамалық және консалтингтік қолдау мәселелерінде Қор саясатын іске асырудағы басымдықтар: жаңадан бастаған және жұмыс істеп жүрген кәсіпкерлерді оқыту және к о н с а л т и н г ;

шағын кредит беру жүйесіне қатысушыларды оқыту және әдістемелік қ а м т а м а с ы з е т у ;

кәсіпкерлікті насихаттау және халықты бизнеске тарту; ШКС-ні қолдау инфрақұрылымын, оның ішінде инфрақұрылым институттарын құру және кеңейту жөніндегі жобаларға кредит беру арқылы д а м ы т у ;

кәсіпкерлікті қолдаудың бірыңғай ақпараттық базасын дамыту; шағын кәсіпкерлік субъектілерін қолдаудың жаңа нысандары мен әдістерін іздестіру және қалыптастыру болып табылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 2 6 м а м ы р д а ғ ы

N 5 1 4 қ а у л ы с ы н а

қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 сәуірдегі N 665 қаулысының 2-1-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 17, 152-құжат).

2. "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамының 2003-2005 жылдарға арналған кредит саясаты туралы меморандумды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 маусымдағы N 571 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 27, 253-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 мамырдағы N 570 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 22, 284-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 5-тармағы.

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 маусымдағы N 571 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 желтоқсандағы N 1342 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 49, 637-құжат).